



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижесі

(салалар: тау-кен өндіру өнеркәсібі және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2024 жылғы IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім жөніндегі мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2024 жылғы 4-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3 447

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 225
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 787
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 324
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 945
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 269
Ауыл шаруашылығы	➤ 190

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2 740**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2024 жылғы 4-тоқсанда іріктеменің жартысынан астамын **тау-кен өндіру өнеркәсібі (64,4%), ауыл шаруашылығы (61,6%), құрылыс (59,3%) және өңдеу өнеркәсібі (57,6%)** салаларындағы ірі және орташа кәсіпорындар құрады.

Көлік пен қоймада сақтауда іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан **(45,4%)** тұрады. Осындай кәсіпорындардың ең төмен үлесі **саудада (22,4%)**.

2024 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, бәсекелестіктің маңыздылығы барлық салаларда артты.

Сауда нарықтық бәсекелестік барынша әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **44,6%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **37,0%**, **көлік пен қоймада сақтауда – 29,0%**, **ауыл шаруашылығында – 22,6%**, **құрылыста – 21,9%**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде 12,4%** болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2024 жылғы 4-тоқсанда көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша **нарықтық бәсекелестік және Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі болды.

Нарықтық бәсекелестік сауда және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының бизнесіне әсер етеді. Көбінесе тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы үшін тиісінше **салық ауыртпалығының деңгейі** мен **білікті кадрлардың жетіспеушілігі**, ал құрылыс кәсіпорындары, көлік және қоймада сақтау үшін **экономиканың жай-күйі** кедергі болып табылады.

Алдағы 12 айда барлық салалар бойынша инвестицияларды қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте тау-кен өнеркәсібінде (12,4%) ең көп өсім күтілуде. Бұл ретте инвестициялардың қысқаруы бойынша ең теріс күтулер тау-кен өндіру секторы мен құрылыста (13,3%-дан) қалыптасты.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары болып қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – онда Ресей рублі мен еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салада басым (АҚШ доллары басым).

2024 жылғы 4-тоқсанда есеп айырысуда өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары теңгені ең көп пайдаланды – 21,9%.

6-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



7-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2024 жылғы 4-тоқсанда теңге бағамының Ресей рубліне және АҚШ долларына қатысты өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін нашарлады.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	17,8	6,1	6,4	2,6
Өңдеу өнеркәсібі	15,5	6,4	6,1	3,2
Құрылыс	19,4	7,9	5,5	3,9
Сауда	18,1	8,3	6,4	3,8
Көлік және қоймада сақтау	19,7	6,9	6,3	3,3
Ауыл шаруашылығы	14,7	6,4	-	2,9

9-график. 2024 жылғы 4-тоқсанда және 2025 жылғы 1-тоқсанда кредит аруды көздеген кәсіпорындар, %




2024 жылғы 4-тоқсанда өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық саларда банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі ұлғайды. Кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың ең көп саны құрылысқа (18,5%), ал ең аз саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне (12,4%) тиесілі.


Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме көлік және қоймада сақтау саласында (19,7%), ал шетел валютасында – тау-кен өндіру өнеркәсібінде және сауда саласында (6,4%-дан) байқалды.

2025 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (23,6%), ал ең аз үлесі көлік пен қоймада сақтау саласына (8,2%) тиесілі.


10-график. Орташа өлшемді* кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2024 жылғы 4-тоқсанда көлік және қоймада сақтау саласындағы орташа өлшемді кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында (6,9%) байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс және сауда салаларында ұлғайды.

2024 жылғы 4-тоқсанда барлық саладағы пікіртерімге қатысқан **29 кәсіпорынға** кредит беруден бас тартылды.

*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100

*** 90 күннен астам




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізат бағасы

2024 жылғы 4-тоқсанда **тау-кен өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салаларда дайын өнімге сұраныс** ахуалының нашарлағаны байқалды. 2025 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық салаларда сұраныстың ұлғаюы күтілуде.

2024 жылғы 4-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсуінің жеделдеуі барлық салаларда байқалды. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсуі жеделдеді.

2025 жылғы 1-тоқсанда барлық салаларда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының баяулауы, сондай-ақ ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда **дайын өнім бағасының өсу қарқынының** баяулауы күтіледі.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2025 жылғы 1-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2024 жылғы 4-тоқсанда **өндірістік қуаттың** орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) көлік және қоймалау, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс салаларында ұлғайды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (**ӨҚЖ**≥90%) барынша жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек.

ӨҚЖ-ның неғұрлым жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (59,6%) болды.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2024 жылғы 4-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа өлшемді өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалық мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,38	1,66	0,20	41,1	0,52	53,7
Өңдеу өнеркәсібі	1,49	1,52	0,27	23,7	0,40	64,2
Құрылыс	1,17	1,30	0,36	23,9	0,28	72,3
Сауда	1,24	1,21	0,42	21,2	0,28	80,2
Көлік және қоймада сақтау	1,23	1,70	0,19	37,1	0,49	36,6
Ауыл шаруашылығы	1,47	1,28	0,12	14,9	0,35	46,5

2024 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай қалыптасты:

- өңдеу өнеркәсібі (**АӨҚ=1,49**) мен ауыл шаруашылығы (**АӨҚ=1,47**) кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары;
- көлік пен қоймада сақтау (**ЖТҚК=1,70**) кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылады;
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,42**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең тиімді (**СР=41,1%**), ал ауыл шаруашылығы (**СР=14,9%**) аса тиімді емес болып қалуда;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі (**ӨҚК=0,52**), кәсіпорындарының өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары;
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=80,2%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді


*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2024 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау, құрылыс салаларында кәсіпорындардың **қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігі жақсарды** (АӨК ұлғайды). Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі көлік және қоймада сақтау мен ауыл шаруашылығында төмендеді (ӨҚК).

Тау-кен өндіру өнеркәсібін, көлік және қоймада сақтауды қоспағанда, барлық салада іскерлік белсенділіктің (ААК) жақсарғаны байқалды. Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыста ғана кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) артты.


* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (11-бет)


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



Сату рентабельділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2024 жылғы 4-тоқсанда көлік және қоймада сақтау, сауда және ауыл шаруашылығында жоғарылады. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **зиянмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (16,0%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (53,0%) және сауда (52,2%) салаларының бағалауы барынша жоғары.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды зиянмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.


*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау


Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2024 жылғы 4-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы (**23,5%-дан 23,7%-ға дейін**) ұлғайды, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі аздап (**20,1%-дан 19,7%-ға дейін**) төмендеді. Мұндай көрсеткіштердің ең үлкен мәні тау-кен өндіру өнеркәсібінде байқалады.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Еңбекақымен және жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі⁴, %



2024 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа, барлық салаларда **өндіріс көлемі** ұлғайғаны байқалды. 2025 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.

Ауыл шаруашылығы мен құрылыстан басқа барлық салаларда жұмыспен қамтылғандар саны артты.

2024 жылғы 4-тоқсанда сауда, көлік және қоймада сақтау, құрылыс салаларында өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындардың саны артты. 2025 жылғы 1-тоқсанда жалақы жағдайы ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда жақсарады.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2025 жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (көлік және қоймада сақтауды қоспағанда)

⁴ Маусымдық тазартылған деректер (өңдеу өнеркәсібі мен құрылысты қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** ең жоғары **деңгейі әлі де** саудада **сақталуда**.
- Кәсіпорындардың көпшілігі **нарықтық бәсекелестік** пен **Қазақстан экономикасының жай-күйін** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі деп көрсетуде.
- 2024 жылғы 4-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне және АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін нашарлады.
- Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюта болып Ресей рублі мен АҚШ доллары қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – Ресей рублі мен еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыстан (АҚШ доллары басым) басқа, барлық салаларда басым.
- 2024 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа, барлық салада **өндіріс көлемі** ұлғайғаны байқалды. 2025 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемі ұлғаюы күтіледі.
- Көлік және қоймада сақтау, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс салаларында **өндірістік қуатты орташа өлшемді жүктеу** артты. Өндірістік қуатты жүктеудің ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталуда (59,6%).
- Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста **дайын өнімге сұраныс** өсті
- 2024 жылғы 4-тоқсанда көлік пен қоймада сақтау, сауда мен ауыл шаруашылығы салаларында **сатылым рентабельділігі** өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатылым рентабельділігі басқа салаларға қарағанда едәуір жоғары.
- Ауыл шаруашылығы, сауда және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі **өсті**
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы өсті, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі аздап төмендеді.
- 2024 жылғы 4-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсуін жеделдету барлық салаларда байқалды. Бұдан басқа, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсуі жеделдеді.
- 2025 жылғы 1-тоқсанда барлық салада **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулауы, сондай-ақ ауыл шаруашылығынан басқа, барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсу қарқыны баяулауы күтіледі.